

Дисциплина : Информатика

Кафедра: Жаратылыстану ғылыми пәндер

Мамандығы : Жалпы медицина

*Тақырыбы : Қазақстан Республикасының
электрондық үкіметі*

Қабылдаған : Көлішбаева И.Д.

Орындаған : Жанет Е.Ө.

Курс : 1

Тобы : 101 «Б»

Жоспар

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

- ❖ Қазақстан Республикасы электронды үкіметінің жобалары*
- ❖ Электронды үкімет құрудың кезеңдері*
- ❖ Электронды үкіметтің жетістіктері*

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Қазақстан Республикасында «электрондық үкімет» қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты 2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 маусымдағы отырысында № 9 хаттамамен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы “электрондық үкімет” тұжырымдамасының ережелері ескеріле отырып әзірленді. Қазақстанда «электрондық үкіметті» қолданысқа енгізу мемлекеттік органдардың азаматтар мен ұйымдарға ұсынатын қызмет көрсетулер сапасын жақсартуға және мерзімін қысқартуға, мемлекеттік органдар қызметінің ақпараттық базасына қолжетімділікті қамтамасыз етуге, болашақта әкімшілік жүйені жетілдіруді ескере отырып, құрамы жағынан тиімді әрі оңтайлы мемлекеттік аппарат құруға бағытталған.

Қазақстанда «электрондық үкімет» құрудың үш кезеңі:

Бірінші кезең «электрондық үкіметтің» инфрақұрылымын құру. Аталған кезең шеңберінде осы Бағдарламаны іске асыру «электрондық үкіметтің» шлюзі мен порталы, банк жүйесімен өзара іс-қимыл үшін «төлем шлюзі», ұлттық бірегейлендіру жүйесі, мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы, орталық және жергілікті атқарушы органдардың ведомствоаралық және үлгілік жүйесін құру мен дамыту, сондай-ақ электрондық қызмет көрсетулерге қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жүргізу, ақпараттық теңсіздікті жою және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білім көтеру жөнінде жұмыстар ұйымдастыру сияқты базалық құрамдас бөліктерді құруға бағыттталатын болады.

Екінші кезең - «электрондық үкіметтің» сервисін дамыту азаматтардың тіршілік-тынысы мен мемлекеттік органдардың жұмыс істеуінің барлық саласын қамтитын сан алуан сервистерді дамытуға, сондай-ақ әкімшілік процесстерге кең ауқымды технологиялық қайта жабдықтау жүргізуге бағыттталатын болады. Осы кезеңде транзакционды қызмет көрсетулер іске асырылатын болады.

Үшінші кезең - ақпараттық қоғам құру е-медицина, е-білім, е-мәдениет, е-демократия және басқалары сияқты жобаларды іске асыруды қоса алғанда, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызмет көрсетулерін трансформациялауды, ақпараттық қоғам құруды көздейді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТІ

e.gov

ЭЛ
РЕС





Электронды оқу ақпараттық жүйесі білім беру қызметінің сапасын арттыруға және білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз етуге көмектеседі. Жүйе оқу үдерісінің барлық қатысушыларына арналған: оқушылар онлайн жүйесінде күнделік және күнтізбе жүргізеді, болуға тиісті іс-шаралар жөнінде хабарландыру алады, барша оқу материалына, сабақ кестесіне және онлайн үй тапсырмаларына рұқсат алады.

The logo for 'e-notary' is displayed in a white rounded rectangle. The word 'e' is in a dark blue, sans-serif font, followed by a blue circular icon containing a white document symbol. The word 'notary' is in a bold, red, sans-serif font. The background of the slide features a blue and white abstract design with curved lines.

«Е-нотариат» бірыңғай нотариалды ақпараттық жүйесі – нотариалдық қызметті бақылауды жақсарту және нотариустардың жұмысын оңтайландыру мақсатында әзірленген жүйе.

Электронды үкіметтің жетістіктері

Құрылғанынан бергі тоғыз жыл ішінде Қазақстан Республикасының электронды үкіметі қалыптасу мен даму кезеңдерінен өтті, дүниежүзілік қауымдастық тарапынан оң көзқарасқа ие болып, жоғары бағаланды. Халықаралық және республикалық рейтингтердегі жоғары көрсеткіштері мен байқаулардағы ие болған номинациялары осыған куә. Қазақстандық электронды үкіметтің даму дәрежесі «дамушы» (emerging leaders) сатысында деп бағалануда және аса табысты үкіметтердің бірі саналады





WSIS Project Prizes 2013 халықаралық байқауының нәтижелері жария етілді. Байқау ақпараттық қоғам мәселелері жөніндегі жоғары деңгейдегі бүкіләмдік кездесу Форумы шеңберінде өтті. Қазақстанның электрондық лицензиялау жүйесі (www.elicense.kz) «**E-Business**» категориясы бойынша ең үздік жоба деп танылды. Байқауға әлемнің **64** мемлекетінің **280** жобасы қатысты. Жоба жетістігінің тарихы Халықаралық электробайланыс одағының ресми ресурсында жарияланды.



The logo of the World Economic Forum is a dark blue circle with a white border. Inside the circle, the words "WORLD ECONOMIC FORUM" are written in white, bold, sans-serif capital letters, stacked in three lines. A white curved line starts from the top left and ends at the bottom right, passing through the text.

WORLD ECONOMIC FORUM

2013 жылдың сәуірінде Дүниежүзілік экономикалық форумның (WEF) баяндамасы жарияланды, соған сәйкес Қазақстанның желілік әзірлік индексі 144 елдің ішінде 43-орында тұр. 2012 жылмен және 55-орынмен салыстырғанда, еліміз көптеген көрсеткіштер бойынша рейтингтерде қарқынды өсуін көрсетті және ТМД елдерінің арасында үздік деп танылып отыр.

Желілік әзірлік индексі еліміздегі ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың (АКТ) даму деңгейін анықтайды және АКТ-ның экономикаға қосқан үлесін, сондай-ақ осы технологияларды пайдалануға әзірлікті байқататын 54 көрсеткіштен тұрады. 2013 жылы Қазақстанның айрықша ілгері басуы Интернет желісін пайдаланушылар саны, ұялы байланыс абоненттерінің саны, ұялы байланыс тарифтері және басқалары бойынша белгіленді.

Әрбір екі жыл сайын Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменті электронды үкіметтің әлемдегі (192 ел) даму деңгейін бағалау бойынша зерттеулер жүргізіп отырады. 2012 жылы Қазақстан Республикасының электронды үкіметі аталмыш рейтингте **38-орынға** ие болды. Сонымен қатар, онлайн-қызметтердің индексі 10 көрсеткішті басып озса, телеқатынас инфрақұрылымының индексі 14 орынға алға шықты. Азаматтардың үкіметпен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін анықтайтын е-қатысу индексі бойынша Қазақстан Сингапурмен бірге 2 орынға ие болды.





ДИПЛОМ

Ұлттық интернет жұлдыз
Авард.кз 2012

1-е место в номинации
«Органы власти и самоуправления»

Сайт Электронного правительства Республики Казахстан

<http://www.e.gov.kz>

Председатель Жюри
Сатин Д.

Сопредседатели Оргкомитета

Ляхов А.

Горожанкин К.



ДИПЛОМ

Ұлттық интернет жұлдыз
Авард.кз 2012

1-е место в номинации
«Лучший двуязычный сайт»

Сайт Электронного правительства Республики Казахстан

<http://www.e.gov.kz>

Председатель Жюри
Сатин Д.

Сопредседатели Оргкомитета

Ляхов А.

Горожанкин К.

Электронды үкіметтің жетістіктері қоржынында қазақстандық марапаттар да бар. 2012 жылдың соңында **Award.kz-2012 Ұлттық интернет-бәйгесінің** X мерейтойлық марапаттау салтанатында электронды үкіметпорталы. «Билік және өзін-өзі басқару органдары» номинациясында **бірінші орынға** ие болды, сондай-ақ, қос тілді сайттар арасында **үздік деп танылды**. Жобаға деген қызығушылықты қазан айында өткен электронды үкімет порталының редизайны тудырған болатын, соның нәтижесінде беткі безендірілуі ғана емес, материалдар құрылымы мен орналастыру қисыны да өзгерді.

Қорытынды

«Электрондық үкімет» арқылы халыққа көрсетілетін электрондық қызметтердің тізімінде көптеген тармақтар кілттің суретімен белгіленген. Демек, бұл қызметке ие болу үшін пайдаланушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) болуы тиіс. Тиынның суреті бар белгі бұл қызметке ҚР Салық кодексіне сәйкес мемлекеттік баж салығын төлеу қажеттігін білдіреді.

2011 жылы порталға 5 жыл толды. Осы аздаған уақыт ішінде порталдың қалыптасуы ақпараттық, интерактивтік және транзакциялық үш кезенді басынан өткерді, порталда интерактивтік сервистер саны мен қызмет түрі өсті, онлайн төлемдер мен айыппұлдар төлеуге мүмкіндік ашылды. «Электрондық үкімет» дамуының игі нәтижесі ретінде, БҰҰ-ның рейтингіне сәйкес, Қазақстан әлемдегі алдыңғы қатарлы 50 елдің құрамына кіріп, мүмкін болатын 192-нің 46-ы орында тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Е.Қ. Балапанов, Б.Б.Бөрібаев, А.Қ. Дәулетқұлов.
“Информатикадан 30 сабақ”.
2. Внутренний мир персональных компьютеров, 8-издание
Питер Нортон, Джон М.Гудмен. Киев.